

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б.182-184

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Қуандықова Т.

Жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда мемлекетшілігімізді, елдігімізді және ұлттық ерекшеліктерімізді сақтауда Темірбек Қараұлы Жүргеновтей тұғырлы тұлғалардың орны ерекше. «Темір Нарком» атанған Халық ағарту министрі Т.Жүргеновтің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында көркемөнердің жаңа ордалары өмірге келіп, ел арасынан шыққан талантты ақындар мен өнерпаздар өнер мекемелеріне қызметке тартылды. Сонымен бірге, оқу-ағарту саласында орын алған түбегейлі бетбұрыс аясында мектептерде мамандар дайындайтын жоғары және орта оқу орындары көптеп ашылды.

Жастарымызға Мәскеуде, басқа да орталық қалаларда оқып, білімін тереңдетуге жағдай жасалды. Осындай стратегиялық қадамдардың нәтижесінде қазақ интеллигенциясының алғашқы толқыны қалыптасқаны, мемлекетшілдік көзқарас орныққаны, мәдениетіміздің жаңа сапаға көтерілгені баршамызға аян еді. Соның ішінде ерекше көзге түскен Темірбек Қараұлы Жүргеновты айтуымызға болады. Ол 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жанаталап елді мекенінде дүниеге келеді. Темірбек Қараұлы алғашқыда Мұхаметжан деген ауыл мұғалімінен сабақ алып, кейіннен шығыс тілінің білгірі, ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен оқуын жалғастырады. Ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен Темірбек Қараұлы парсы, өзбек, тәжік тілдерін меңгеріп, шығыс әдебиетін бойына сіңіреді.

Темірбек Жүргеновтың әкесі Қара баласының білімге деген құмарлығын байқап, зеректігін ескеріп, он жасында оны екі сыныптық орыс-қазақ Аламесек мектебіне оқуға береді. Ол Аламесектегі мектепте демократиялық көзқарастағы мұғалімдер Омар Сатаев, Досмұхамбет Букин секілді ұстаздардан білім алады. Темірбек Қараұлы Аламесек мектебін 1913 жылы бітіріп, сол жылы Перовскідегі Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Осы училищеде ол Б. Есенов, И. Давыдов, Н. Шипков және басқа да озық ойлы ұстаздардан дәріс алады. Училищені 1917 жылы бітіріп, сол жылы Уфадағы жер өлшеу училищесінде білімін жалғастырады. Бірақ 1918 жылы басталған азамат соғысы салдарынан оқу орны жабылып, ендігі кезекте Темірбек Жүргенов бар ынта-жігерімен саяси өзгерістер мен жаңарулар алдында тұрған елінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып кетеді. 1918-1921 жылдары Торғай, Ырғыз, Ақмешіт өңірлерінде түрлі кеңес қызметтерін атқарды [1, 12 б].

Темірбек Жүргенов 1918 жылы Торғайда «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921 жылы Темірбек Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, оны 1923 жылы аяқтағаннан кейін, оқуын жалғастыру мақсатында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған еді [2, Б. 228-229].

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Атап айтқанда, «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру» болды. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен оның «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты.

«Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді. Ал, 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының № 4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі ХХ жылдардағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі – әйел теңдігі мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес болып табылады. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым деп айтуға болады.

1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген Темірбек Жүргенов болатын. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы - өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы. Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған.

1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов тағы басқа авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе, терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Темірбек Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе, зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз болудан сақтандырды [3,18 б].

Темірбек Жүргеновтің шығармашылық мұрасының ішінде ұлттық мүдде мен ұлттық салт-сана мәселесіне байланысты еңбектерінің өзі бір

алуан. Оның барлық мақалаларында қазақтың санасына ой салуға деген ұмтылысы айрықша байқалып тұрады. «Ұлттық сананың ең негізгі белгісі - әр ұлттың өзін-өзі танып-білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу», - деген тұжырымға сүйенсек, оның қайраткерлігі мен қаламгерлігі осы міндетті орындау жолында тоғысқанын анық аңғарамыз.

Темірбек Жүргеновтің жан ауыртқан саласының бірі - тіл тақырыбы. Қазақ тілінің ахуалы қайраткерді үнемі толғандырған, оның өзге тілдер ауқымында жұтылып кетпей, табиғи қалпын сақтауына мүдделі болған. Тіл мәдениетіне кері әсерін тигізетін сөз қолданыстарына алаңдаған. Сөздік қорымыздың өңін қашыратын оғаш өзгерістерді қабылдай алмай, тұрақты түрде пікірін жариялап отырған. «Тіл мәселесі дегенді бұл жерде біз қазақ тілі хақында ғана айтпақпыз», - деп бірден тақырыптың басын ашып алуынан оның үнемі ойы анық, ұстанымы берік болғанын көреміз [4,3 б].

Ұлтын ардақтай білетін азамат ұлтының тілін де шексіз қадірлеген. Ол қазақ тілінің дәрежесі әлемнің ірі елдерінің тілімен қатар тұрғанын қалайды, мақсат-мұратын осыған орай негіздеп түсіндіреді. Тіл мен білімді және мәдениетті ұлттың көшін өрге сүйрейтін үйлесімді ұштаған ретінде қарастырады. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды.

Темірбек Жүргенов - ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының бұйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», тағы басқа очерктер мен мақалалары жатады.

Темірбек Жүргенов - өзінің заманынан озық туған қайраткер екенін ісімен, ақыл-парасатымен, биік ойымен дәлелдеп кеткен тұлға. Кешегі талапайға түскен заманда қырық бөлінген қазақ жерін қайта құрап, оның мемлекеттілігін қалыптастыруға жан-тәнін салған, ықпал еткен Темірбек Жүргенов қазақ тарихындағы жарық жұлдыздың бірі болып қала береді. Оның Сырдария, Жетісу облыстарын еліне қайтарып, екі ғасыр бойы «қырғыз» атанып келген өз ұлтының қайтадан «қазақ», ал елінің «қазақ мемлекеті» аталуына қосқан үлесі ұшан-теңіз еді [5, 4 б].

Темірбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады.

Темірбек Қараұлының мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасын одан әрі жан-жақты сомдау үшін осы саладағы қызметімен қатар әдеби-публицистикалық мұрасын да түбегейлі зерттеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихында

алатын орнын нақпа-нақ белгілеу міндеті, парызы кейінгі ұрпаққа жүктелгені айдан анық. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары – кейінгі ұрпаққа зиялылықтың ерен үлгісін, тәуелсіз мемлекет дамуының өзіндік жолын көрсетіп кеткен ұлттың нағыз жанашырлары бола білді. Сондықтан олардың ұлтты ұйыстырудағы, азаттық жолындағы күрестері бүгінгі ұрпаққа ұлағат деп түсінеміз. Сондықтан да Алаш зиялылығының ұлт болашағы үшін әр бағытта атқарған ерлік істері мәңгілік халық жадында сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы), Алматы, 2012, 439 б
- 2 Назарбаева Г, Әбжанов Х. «Қазақстан: тарих пен тағдыр», Алматы 2003, 296 б.
- 3 Boldrin, Michele and David K. Levine. "Against Intellectual Monopoly", 2008, 18 p.
- 4 Жолдасбеков М. Қазақ руханиятының жарық жұлдызы// Ақтөбе, 2011, 20 қыркүйек. 3 б.
- 5 Жақсыкелдинов Ж. Темірбек Жүргенов - Кеңес заманындағы ұлттық ой-сананың ілгерілетушісі. 2015, 27 сәуір.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Джумалиева Л.Т.